



«АБАЙ ДАНА, АБАЙ ДАРА ҚАЗАҚТА» тақырыбында дөңгелек үстел

«Кәсіптік білім және педагогика» кафедрасының доцент м.а., PhD докторы Ж.Е. Алшынбаеваның жетекшілігімен 2020 жылдың 17 сәуір күні НВП-19-2 тобының студенттері және кафедра магистранттарының қатысуымен Абай Құнанбаевтың 175 жылдық мерей тойына орай дөңгелек үстел өтті.

Ис-шара мақсаты: ұлы Абайдың қара сөздерінің мәнін, мағынасын терең ашу, бүгінгі күнмен байланыстыру, пікір алмасу, ой қозғау, студенттердің сөйлеу мәдениетін жетілдіру.

Құрылымы: Онлайн-дөңгелек үстелге қатысушы студенттерді көркем сөйлеуге, өз бетімен іздене білуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге көмектесу. Студенттерді туған жерге деген сүйіспеншілікке, адамгершілікке, табиғат әсемдігін түсінуге, эстетикалық тәрбие беру.

Өзектілігі: 2020 жылдың 9 қаңтарында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай және Қазақстан ХХІ ғасырда» атты мақала жариялады. Өз мақаласында Президент Абайдың сөздерінің маңыздылығы туралы көпшілікпен ой бөлісіп, сонымен қатар «Абай сияқты ұлтты сүйоге» шақырады.

Дөңгелек үстелде ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлының қазақ әдебиетіне қосқан үлесі мен әлем аренасына насихатталу жолдарын талқылау.

Қатысушылар мен студенттер Абай шығармаларының оқу-тәрбие процесіндегі маңыздылығын ашты. Қара сөздер, шығармашылық туындылары, әні де шырқалды.

Дөңгелек үстел спикерлары: Нұрмағанбетов Мереке (НВП-19-2), Төкен Темирлан (НВП-19-2), Төлеуқан Еркебұлан (НВП-19-2), Сапарғали Мағжан (НВП-19-2); Мәлгәждәр Әйгерім (ПОМ-18-1), Ганиева Ф.М. (ПОМ-19-1), Қайырбеков Салауат (ОПМ-19-1), Қоңыртаева Қолқанат (ОПМ-19-1).

Дөңгелек үстелге сондай-ақ, Қ.Байжанов атындағы облыстық филармония концерттік бірлестік қызметкері: Аханов Дулат Абайдың «Қараңғы түнде тау қалғып» әнін орындады. Тәттімбет атындағы өнер колледжінің түлектері де Абай Құнанбаевтың «Желсіз түнде жарық ай» әнін жолдады.

Қарағанды қаласының М.Әуезов атындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесі қызметкері Омашева Зәуреш тақырып шеңберінде сөз сөйлеп, студенттерге тілегін білдірді. Сондай-ақ, ақсақалдар алқасы Қызыров Қ.Б., «Машина жасау» факультетінің тәрбие ісі жөніндегі деканның орынбасары Адамова Г.Х., «Кәсіптік білім және педагогика» кафедрасының меңгерушісі мен оқытушылары Тынаев Н.А., Нурмағанбетова М.С., Байжуманова Н.С., Умирбекова М.А. қатысты.

Онлайн-дөңгелек үстелді қорытындылаған куратор Алшынбаева Ж.Е. «Әр қазақтың төрінде домбыра тұрсын деген ұғым қалыптасқанын бәріміз жақсы білеміз. Сол сияқты әр шаңырақта Абайдың кітабы мен Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романы тұруы керек деп санаймын. Сол себептен Мен өзімнің кураторлық НВП-19-2 тобының студенттеріне және қатысушы магистранттарға **«АБАЙДЫҢ Қара сөздерін»** және **«Абай жолы» 4-томдық** кітаптарын сыйға тартамын.

Дөңгелек үстел шешімі: Келер ұрпақ Абайдың сара жолын жалғауға тиіс. Бұл – ұлы ақын арманының орындалуы. Сондықтан біз Абайдың ойынан да, тойынан да тағылым алуға тиіспіз.







